

**Ақтөбе облысы әкімдігінің бірлескен ҚАУЛЫСЫ  
және облыстық мәслихаттың ШЕШІМІ**

**Ақтөбе қаласы**

**№377/323**

**2018 жылғы 15 тамыз**

**Ақтөбе қаласының  
бірқатар коммуналдық мемлекеттік  
білім беру мекемелеріне атау беру  
бойынша ұсыныстар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 11-бабының 4-2) тармақшасына сәйкес, төменде көрсетілген мектептер ұжымдарының ұсыныстарын ескере отыра, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№62 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Бауыржан Момышұлының;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№63 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Міржақып Дулатұлының;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№64 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ұзақбай Құлымбетовтың;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№66 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шәкәрім Құдайбердіұлының;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№68 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жұмабек Тәшеновтың есімдерін беру туралы ұсыныстар Республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізілсін.

**Облыс әкімі**

**Б. САПАРБАЕВ**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Ғ.ЛАТЫПОВ**